

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «11» қыркүйек

Жоғарғы Сот БЖЗҚ-ны «Glotur» АҚ кредиторлары құрамынан шығару туралы шешімнің күшін жойды

2017 жылғы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында ҚР ЖС төрағасының ұсынысымен «БЖЗҚ» АҚ-тың «Glotur» АҚ банкроттықты басқарушысына деген талабын қанағаттандырудан бас тартуға қатысты бұған дейін шығарылған сот актілеріне шағым түсіру жайында сот отырысы өтті. Сот отырысының нәтижесі бойынша «БЖЗҚ» АҚ-тың «Glotur» АҚ банкроттықты басқарушысының әрекетіне шағым түсіру бойынша талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2016 жылғы 14 қарашадағы шешімі мен Алматы облыстық сотының апелляциялық алқасының 2017 жылғы 1 ақпандағы қаулысының күші жойылды. Аталған азаматтық іс Алматы облыстық сотының жаңа құрамдағы апелляциялық алқасының қарауына жіберілді.

Естеріңізге сала кетелік, «Glotur» АҚ-тың облигациялары бойынша БЖЗҚ-ның талаптары Борышкердің акцияларының бар екендігіне байланысты кредиторлардың талаптары тізілімінен алынып тасталған болатын. Зейнетақы Қоры «Glotur» АҚ-тың банкроттықты басқарушысының әрекетіне шағым түсіру бойынша жұмыстар жүргізді. Алайда, бірінші және екінші инстанциядағы сот Қордың талаптарын қанағаттандырудан бас тартты. Осыған байланысты БЖЗҚ шығарылған сот актілерін кассациялық тәртіпте қайта қарауға жіберу туралы өтінішпен ҚР Жоғарғы Соты төрағасының атына 2017 жылғы 9 маусымда хат жолдады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz